

Орал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2018 жылғы 15 маусымдағы № 23-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 28 маусымда № 5261 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 8-10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихатының 16.09.2021 № 8-10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №98 "Батыс Қазақстан облысында коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3914 тіркелген, 2015 жылғы 26 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) сәйкес Орал қалалық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Орал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Орал қалалық мәслихат аппаратының басшысы (С.Давлетов) осы шешімінің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
міндеттін аткарушы

Қалалық
мәслихат хатшысы

A.Әубекеров

A.Әубекеров

Орал қалалық мәслихатының
2018 жылғы 15 маусымдағы
№ 23-3 шешіміне қосымша

Орал қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілуі және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтардың жинақталу нысандары	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық норма, м ³
1	Жайлы үйлер	1 түрғын	2,66
2	Жайлы емес үйлер	1 түрғын	2,71
3	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және тағы сол сияқтылар	1 орын	0,45
4	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,82
5	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,31
6	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,75
7	Емханалар	1 адам	0,02
8	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,81
9	Мектептер және өзге де оку орындары	1 оқушы	0,8
10	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 орын	0,51
11	Театрлар, кинотеатрлар, мәжіліс залдары, тұнгі клубтар, ойын-сауық орталықтары	1 орын	0,11
12	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,05
13	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоға бойынша 1 орын	0,25
14	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,25
15	Дүкендер, супермаркеттер, базарлар, сауда павильондары, дүнгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	1,93
16	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м ²	1,92
17	Көтерме базалары, азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,3
18	Халықта қызмет көрсету орталықтары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,75
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,84
20	Жагажайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,26
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м ²	0,58
22	Автотұрақтар, автомобилді жуу орындары, автомобилдерге жанаармай құю бекеттері, гараждар	1 машина-орын	0,3
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,9
24	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,7

25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,81
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м ²	0,3
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,3
28	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және тағы басқалар)	1 жұмыс орны	0,25
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,56
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар үйымдастыратын заңды тұлғалар	1 0 0 0 қатысуышы	0,11
31	Бау-бақша кооперативтері	1 участке	1,73

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

M^2 - шаршы метр;

M^3 - текше метр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК